SONY

4-456-714-**12** (1) (KZ)

Жеке дыбыс жүйесі

KZ Пайдалану нұсқаулығы

* 4 4 5 6 7 1 4 1 2 * (1)

©2013 Sony Corporation

CMT-BT60/BT60B

http://www.sony.net/

ЕСКЕРТУ

Өрт қаупін азайту үшін құрылғының желдететін саңылауын газетпен, дастарқанмен, пердемен және тағы басқа нәрселермен жаппаңыз. Құрылғыны ашық жалын көзіне қалдырмаңыз (мысалы, жанған шырақтар).

Өрт немесе ток соғу қаупін азайту үшін бұл құрылғыны тамшыға не шашырандыға қалдырмаңыз және құрылғыға құмыралар сияқты сұйықтыққа толы заттарды қоймаңыз.

Құрылғыны кітап шкафы немесе бекітілген шкаф сияқты жабық орынға орнатпаңыз.

Желі ашасы құрылғыны желіден ажырату үшін пайдаланылатындықтан, құрылғыны оңай қол жетімді АТ розеткасына қосыңыз. Құрылғыдан қалыптан тыс жағдайды байқасаңыз, желі ашасын АТ розеткасынан бірден ажыратыңыз.

Батареяларды немесе батареясы бар құрылғыларды күн көзі мен өрт сияқты қатты ыстыққа қалдырмаңыз.

Құрылғының өзі өшірілсе де, ол АТ розеткасына қосулы тұрғанда, ол желіден ажыратылмайды.

Негізгі деректер тақтасы төменгі сыртқы бөлікте орналасқан.

Бұл құрал 3 метрден қысқарақ қосу кабелін пайдаланып тексерілген және EMC директивасында орнатылған шектерге сәйкес келеді деп табылған.

АБАЙЛАҢЫЗ

Өніммен бірге оптикалық құралдарды пайдалану көздің зақымдалуын арттырады.

CLASS 1 LASER PRODUCT
LUOKAN 1 LASERLAITE
KLASS 1 LASERAPPARAT

Бұл құрылғы 1-КЛАСС ЛАЗЕРЛІ өнім ретінде санатталған. Бұл белгі құрылғының төменгі сыртқы бөлігінде болады.

Австралиядағы тұтынушыларға арналған

Бұл құрал радиатор мен адам денесі арасында кемінде 20 см және одан көп қашықтықта орнатылып, қолданылуы керек (қосылмайтын шеттер: қолдар, білектер, аяқтар және тобықтар).

Еуропадағы тұтынушылар үшін

Дұрыс қорғалған және жерге қосылған кабельдер мен қосқыштар компьютерлерді және/немесе қосымша құрылғыларды қосу үшін пайдаланылуы керек.

Тұтынушыларға ескерту: келесі ақпарат тек ЕО директивалары қолданылатын елдерде сатылған құрылғыға қатысты болып табылады.

Бұл өнім Sony корпорациясы (1-7-1 Konan Minato-ku Tokyo, 108-0075 Japan) тарапынан немесе оның атынан өндірілген. Еуропалық Одақ заңы негізінде өнімнің сәйкестігіне қатысты сұрақтар құзыретті өкілдікке жіберіледі, Sony Deutschland GmbH, Хеделфингер Штрассе 61, 70327 Штуттгарт, Германия. Қызмет көрсету немесе кепілдікке қатысты сұрақтар үшін жеке қызмет көрсету немесе кепілдік құжаттарында берілген мекенжайларға хабарласыңыз.

Еуропадағы және Австралиядағы тұтынушылар үшін

Ескі электрлік немесе электрондық жабдықты тастау (Еуропалық Одақта және бөлек жинау жүйелері бар басқа Еуропа елдерінде қолданылады)

Өнімдегі немесе оның орамындағы таңба тұрмыстық қалдық ретінде қарастырылмауы керектігін білдіреді. Оның орнына ол электр және электрондық жабдықты қайта өңдейтін орындарға жеткізілуі керек. Өнімнің дұрыс тасталғанын қамтамасыз ете отырып, өнімнің қалдығы дұрыс тасталмағандығы салдарынан болатын қоршаған орта мен адам денсаулығына келетін теріс әсерлердің алдын аласыз. Материалдарды қайта өңдеу табиғи ресурстарды қорғауға көмектеседі. Өнімді қайта өңдеу туралы толық ақпарат алу үшін жергілікті қалалық кеңсеге, тұрмыстық қалдықтарды тастайтын орынға немесе өнімді сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

Тек Еуропа

Пайдаланылған батареяларды тастау (Еуропалық Одақта және бөлек жинау жүйелері бар басқа Еуропа елдерінде қолданылады)

Pb

Батареядағы немесе оның орамындағы таңба өніммен берілген батареяның тұрмыстық қалдық ретінде қарастырылмауы керектігін білдіреді.
Белгілі батареяларда бұл таңба химиялық таңбамен бірге қолданылуы мүмкін.
Егер батареяның құрамында 0,0005%-дан артық сынап немесе 0,004%-дан артық қорғасын болса, сынап үшін (Hg), қорғасын үшін (Pb) таңбасы қойылады.
Бұл батареялардың дұрыс тасталғанын қамтамасыз ете отырып, батареяның қалдығы дұрыс тасталмағандығы салдарынан болатын қоршаған орта мен адам денсаулығына келетін теріс әсерлердің алдын аласыз. Материалдарды қайта өңдеу табиғи ресурстарды қорғауға көмектеседі.
Өнімдердің қауіпсіздігі, өнімділігі немесе деректерді біріктіру үшін ендірілген батареямен тұрақты түрде қосылып тұруы қажет болған жағдайда батарея рұқсат етілген қызмет көрсету мамандары арқылы ауыстырылуы керек.
Батареяның дұрыс өңделуін қамтамасыз ету үшін оның пайдалану мерзімі аяқталған кезде электрлік немесе электрондық жабдықтарды қайта өңдеп жинайтын орынға жіберіңіз.
Барлық басқа батареяларды өнімнен қауіпсіз түрде шығару үшін батарея салатын бөлімді қараңыз.
Қалдық батареяларды қайта өңдеу үшін сәйкес қайта өңдейтін орындарға жіберіңіз.
Өнімді немесе батареяны қайта өңдеу туралы толық ақпарат алу үшін жергілікті қалалық кеңсеге, тұрмыстық қалдықтарды тастайтын орынға немесе өнімді сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

Осылайша, Sony корпорациясы бұл құралдың 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа маңызды нұсқаларына сай келетінін жариялайды. Мәліметтер алу үшін келесі URL мекенжайына кіріңіз:
http://www.compliance.sony.de/

DualDisc дискісіндегі ескерту

DualDisc дискісі дегеніміз бір бетіне DVD пішімінде жазылған материал және екінші бетіне дыбыс материалы жазылған екі жақты диск. Алайда, дыбыс материалы бар беті Compact Disc (CD) стандартына сәйкес келмегендіктен бұл өнімді ойнатуға кепілдік берілмейді.

Музыкалық дискілер авторлық құқықты қорғау технологиясымен кодталған

Бұл өнім Compact Disc (CD) стандартын қолдайтын дискілерді ойнату үшін жасалған. Соңғы кезде авторлық құқықтарды қорғау технологияларымен кодталған әр түрлі дискілерді кейбір дыбыс жазу компаниялары сатады. Сол дискілердің арасында CD стандартына сәйкес келмейтін және осы өнім ойнатпайтын дискілердің болатынынан хабардар болыңыз.

Лицензия мен сауда белгісі бойынша ескерту

- Windows Media тіркелген сауда белгісі немесе Америка Құрама Штатындағы және/немесе басқа елдердегі Microsoft корпорациясының сауда белгісі болып табылады.
- MPEG Layer-3 дыбысты кодтау технологиясы мен патенттері Fraunhofer IIS және Thomson арқылы лицензияланған.
- BLUETOOTH® сөз белгісі мен логотиптері BLUETOOTH SIG, Inc. корпорациясының иелігінде және Sony Corporation корпорациясы осындай белгілерді барлық жағдайда лицензия астында пайдаланады.
- N белгісі NFC Forum, Inc. корпорациясының сауда белгісі немесе Америка Құрама Штатындағы және басқа елдердегі тіркелген сауда белгісі болып табылады.
- Android – Google Inc. корпорациясының сауда белгісі.
- Бұл өнім Microsoft корпорациясының белгілі зияткерлік меншік құқықтары арқылы қорғалады. Мұндай технологияны өнімнен тыс жерде Microsoft корпорациясының немесе Microsoft корпорациясының өкілетті отау компаниясының лицензиясынсыз пайдалануға немесе таратуға тыйым салынады.
- Осы нұсқаулықты көрсетілген жүйе атаулары мен өнім атаулары негізінен сауда белгілері немесе өндірушінің тіркелген сауда белгілері болып табылады. ™ және ® белгілері бұл нұсқаулықта түсірілген.

Басқару элементтерінің орны

Құрылғы (Жоғарыда)



Қашықтан басқару құралы



Бұл нұсқаулықта қашықтан басқару құралын пайдалану әрекеттері туралы берілген, бірақ кейбір әрекеттер құрылғыдағы бірдей немесе ұқсас атаулары бар түймелер арқылы орындалады.

Қашықтан басқару құралын пайдалану

Батарея бөлімінің қақпағын сырғытып, алыңыз және екі берілген R6 (AA өлшемді) батареяны ⊖ бірінші бүйіріне қарсылықтарды төменде көрсетілгендай сәйкестендіріп салыңыз.



Қашықтан басқару құралын пайдалану бойынша ескертулер

- Қалыпты қолданыста батареялар шамамен 6 айға созылуы керек.
- Ескі батареяны жаңасымен немесе батареялардың әртүрлі түрін араластырмаңыз.
- Егер қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт бойы пайдаланбасаңыз, батареялар сұйықтығының зақымдауы мен коррозияны алдын алу үшін оларды алып тастаңыз.

Жұмысты бастау



A Антенналар

Ⓐ DAB/FM сымды антеннасы (берілген) (тек CMT-BT60B)
Ⓑ FM сымды антеннасы (берілген) (тек CMT-BT60)
Ⓒ AM жиынды антеннасы (берілген) (тек CMT-BT60)

Жақсы қабылдауды қамтамасыз ететін орын мен бағытты тауып, антеннаны тұрақты бетке (терезе, қабырға, т.б.) бекітіңіз.
Шуды қабылдамау үшін антенналарды құрылғыдан, қуат сымынан және басқа AV компоненттерінен алыс ұстаңыз.
FM сымды антеннасының ұшын жабысқақ таспамен бекітіңіз.

B Power input (AC IN)

Барлық жабдықтар қосылғаннан кейін, қуат сымын Ⓓ қуат розеткасына қосыңыз.

C USB порты

USB құрылғысын USB кабелін (берілмеген) пайдаланып USB портына қосыңыз.

D AUDIO IN (сыртқы кіріс) ұясы

Қосымша сыртқы жабдықты дыбысты қосу кабелімен (берілмеген) қосыңыз.

AM жиынды антеннасын дайындау үшін

Антенна айналасында антена сымының орамын тарқатып, антенна тірегін көтеріңіз.

Антеннаны тұрғызып, оны штрихқа сырт еткенше бекітіңіз.

Сағатты орнату

1. Жүйені қосу үшін I/⏻ [2] түймесін басыңыз.
2. Сағат қою режимін орнату үшін TIMER MENU [18] түймесін басыңыз.
   «PLAY SET» жыпылықтаса, «CLOCK» тармағын таңдау үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ (enter) [32] түймесін басыңыз.
3. Сағатты орнату үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ (enter) [32] түймесін басыңыз.
4. Минутты қою үшін сол әрекетті қолданыңыз.

Ескерту
Қуат сымын ажыратсаңыз немесе қуат беруде ақау болса, сағаттың параметрлері қалпына келтіріледі.

Жүйе өшірулі болған кезде сағатты көрсету

Сағатты көрсету үшін DISPLAY [27] түймесін қайталап басыңыз. Сағат 8 секундтай көрсетіледі.
Жүйе BLUETOOTH күту режимінде болса, сағат DISPLAY [27] түймесін басу арқылы пайда болмайды.

DAB/DAB+ радио станциясын қабылдау (тек CMT-BT60B)

Жүйені сатып алғаннан кейін оны бірінші рет қосқан кезде, DAB автоматты тексеруі автоматты түрде басталады және қол жетімді қызметтер тізімін жасайды. DAB автоматты тексеруі кезінде «********» пайда болады. DAB автоматты тексеруі кезінде құрылғыдағы немесе қашықтан басқару құралындағы ешқандай түймені баспаңыз. Тексеру үзіледі және қызмет тізімі дұрыс жасалмауы мүмкін. DAB автоматты тексеруін қолмен іске қосу үшін «DAB автоматты тексеруін қолмен іске қосу» іс рәсімін орындаңыз. Басқа аймаққа көшсеңіз, DAB автоматты тексеруін қолмен орындап, таратылымдардың мазмұндарын қайта тіркеңіз.

Әрекеттер

CD-DA/MP3 дискісін ойнату

1. Қашықтан басқару құралында CD FUNCTION [3] түймесін немесе құрылғыдағы FUNCTION [3] түймесін дисплейде «CD» пайда болғанша қайталап басыңыз [13].
2. Дискі жапсырма бар жағын алға қаратып диск ұясына салыңыз.



«READING» сөзі жоғалғаннан кейін, ойнату автоматты түрде басталады.
Диск диск ұясына салынып қойған кезде басқа функциядан CD функциясына ауыссаңыз, ойнатуды бастау үшін ▶II [4] түймесін басыңыз.

Ескертулер
- 8 см-лік дискілерді бұл жүйемен пайдалануға болмайды.
- 8 см-лік дискіні адаптермен салмаңыз. Олай істеу жүйені бұзуы мүмкін.
- Дисплейде «NO DISC» сөзі пайда болмаған кезде дискіні диск ұясына сала алмайсыз.
- Дисплейде «NO DISC» сөзі пайда болған кезде де дискіні диск ұясына сала алмасаңыз, ұяда диск бұрыннан бар деген сөз. Мұндай дискіні күштеп шығару үшін ≙ [7] түймесін басып тұрыңыз. Жүйе дискіні сонда да шығармаса, жақын жердегі Sony дилеріне хабарласыңыз.
- Дискіні шығара алмасаңыз және дисплейде «LOCKED» сөзі пайда болса, жақын жердегі Sony дилеріне хабарласыңыз.
- Кескіндері стандартты емес (мысалы, жүрек, шаршы, жұлдыз) дискіні салмаңыз. Диск жүйе ішіне құлап, жөнделмейтін зақым келтіруі мүмкін.
- Диск диск ұясына жартылай салынған күйде жүйені өшірмеңіз. Олай істеу дискіні құлатуы мүмкін.
- Таспасы, мөрлері немесе желімі бар дискіні пайдаланбаңыз, себебі бұл бұзылуға әкелуі мүмкін.
- Дискіні шығарған кезде, дискінің шетінен ұстаңыз. Бетіне тименіз.

Басқа әрекеттер

Орындалатын әрекеттер	Мына әрекеттерді орындаңыз:
Ойнатуды тоқтата тұру	▶II [4] түймесін басыңыз. Ойнатуды жалғастыру үшін түймені қайтадан басыңыз.
Ойнатуды тоқтату	■ [5] түймесін басыңыз.
Тректі немесе файлды таңдау	|◀◀/▶▶| [6] түймесін басыңыз.
Тректе немесе файлда қажетті жерді табу	Ойнату кезінде ◀◀/▶▶ [6] (немесе құрылғыдағы |◀◀/▶▶| [6] түймесін) басып тұрыңыз және қажетті нүктеде түймені босатыңыз.
Қайта ойнатуды таңдау	REPEAT [25] түймесін «⟲» (файлдардың барлық тректері) немесе «⟲1» (бір трек немесе файл) пайда болғанша қайталап басыңыз.
MP3 дискісіндегі қалтаны таңдау	🗀 +/− [23] түймесін қайталап басыңыз.
Дискіні шығарыңыз	Құрылғыдағы ≙ [7] түймесін басыңыз.

Ойнату режимін өзгерту

Ойнатқыш тоқтағанша PLAY MODE [26] түймесін қайталап басыңыз. «Қалыпты ойнату» режимін (ешқандай көрсеткіш жоқ немесе «FLDR»* пайда болады), «Кездейсоқ ретпен ойнату» режимін («SHUF» немесе «FLDR SHUF»* пайда болады) немесе «Бағдарламаны ойнату» режимін («PGM» пайда болады) таңдай аласыз.

Ойнату режимі



* «FLDR» немесе «FLDR SHUF» пайда болған кезде, MP3 дискісінде таңдалған қалталардағы барлық файлдар ойнатылады. CD-DA дискісін ойнату кезінде жүйе «Қалыпты ойнату» (көрсеткіш жоқ) немесе «Кездейсоқ ретпен ойнату» «SHUF» сияқты бірдей әрекетті орындайды.

«PUSH STOP» жазуы пайда болғанда

Ойнату кезінде ойнату режимін өзгерте алмайсыз. Ойнатуды тоқтатып, ойнату режимін өзгертіңіз.

Ойнату режимі бойынша ескерту

Жүйе қосулы кезде қуат сымы ажыратылса, ойнату кержиі «Қалыпты ойнату» режиміне оралады.

Ойнатуды қайталау бойынша ескертулер

- «⟲» ойнату тоқтатылғанша барлық тректер немесе файлдар қайталанатынын көрсетеді.
- «⟲1» ойнату тоқтатылғанша бір трек немесе файл қайталанатынын көрсетеді.
- Жүйе қосулы кезде қуат сымы ажыратылса, ойнату кержиі «Ойнатуды қайталау» режимі болдырылмайды.

«Кездейсоқ ретпен ойнату» режимі бойынша ескертулер

- «Кездейсоқ ретпен ойнату» режимі «SHUF» мәніне орнатылған кезде, жүйе дискідегі барлық тректерді немесе файлдарды кездейсоқ ретпен ойнатады. «Кездейсоқ ретпен ойнату» режимі «FLDR SHUF» мәніне орнатылған кезде, жүйе таңдалған қалтадағы барлық тректерді немесе файлдарды кездейсоқ ретпен ойнатады.
- Жүйе өшірілген кезде, таңдалған «Кездейсоқ ретпен ойнату» режимі («SHUF» немесе «FLDR SHUF») тазаланады және ойнату режимі «Қалыпты» немесе «FLDR ойнату» режиміне оралады.

MP3 дискілерін ойнату бойынша ескертулер

- MP3 файлдары бар дискіге қажетсіз қалталарды немесе файлдарды сақтамаңыз.
- MP3 файлдары жоқ қалталар жүйеде анықталмайды.
- Жүйе тек «.mp3» кеңейтімі бар MP3 файлдарын ойната алады.
- Файл атауында «.mp3» файл кеңейтімі болса да, ол дыбыстық MP3 файлы болған жағдайда, бұл файлды ойнату қатты шу шығарып, жүйені зақымдауы мүмкін.
- Бұл жүйемен үйлесімді MP3 қалталары мен файлдарының ең көп саны:
  - 999* қалта (түбірлік қалтаны қоса)
  - 999 файл
  - Бір қалтадағы 250 файл
  - 8 қалта деңгейі (файлдардың тармақ құрылымы)
- Барлық MP3 кодтауымен/жазу бағдарламалық құралымен, CD-R/RW жетегімен және жазу құрылғыларымен және жазу құралдарымен үйлесімді болуына кепілдік берілмейді. Үйлеспейтін MP3 дискілер шуыл немесе үзік дыбыстар шығаруы немесе мүлдем ойнатылмауы мүмкін.

* Бұл MP3 немесе басқа файлдары жоқ қалталарды қамтиды. Жүйе анықтай алатын қалталардың саны қалта құрылымына байланысты қалталардың нақты санынан аздау болуы мүмкін.

Жеке бағдарлама жасау (Бағдарламаны ойнату)

1. Қашықтан басқару құралында CD FUNCTION [3] түймесін немесе құрылғыдағы FUNCTION [3] түймесін дисплейде «CD» пайда болғанша қайталап басыңыз [13].
2. Ойнатқыш тоқтап тұрған кезде, PLAY MODE [26] түймесін «PGM» пайда болғанша қайталап басыңыз.
3. Қалтаны таңдаңыз (тек MP3 дискісі).
   Қажетті қалтаны таңдау үшін 🗀 +/ − [23] түймесін қайталап басыңыз.
   Қалтадағы барлық файлдарды бағдарламалау қажет болса, ⊕ [32] түймесін басыңыз.
4. Қалаған трек немесе файлы нөмірін таңдаңыз.
   Қалаған трек немесе файлдың нөмірі шыққанша |◀◀/▶▶| [6] түймесін қайталап басыңыз.



5. ⊕ [32] түймесін басыңыз.
   «--.--» жалпы ойнату уақыты CD-DA үшін 100 минуттан асқан кезде немесе MP3 файлдары бағдарламаланған кезде пайда болады.
6. Қосымша тректерді немесе файлдарды, 25 трек немесе файлды бағдарламалау үшін 3-тен 5-ке дейінгі қадамдарды қайталаңыз.
7. ▶II [4] түймесін басыңыз.
   Тректер немесе файлдар бағдарламасы ойнатыла бастайды.
   Бағдарлама дискіні диск ұясынан шығарып алғанша [15] немесе қуат сымы ажыратылғанша қол жетімді болады.
   Сол бағдарламаны қайта ойнату үшін ▶II [4] түймесін басыңыз.

Бағдарлама ойнатудан бас тарту

Ойнатқыш тоқтап тұрған кезде, PLAY MODE [26] түймесін «PGM» пайда болғанша қайталап басыңыз.

Бағдарламадағы соңғы тректі немесе файлды жою

Ойнатқыш тоқтағанша CLEAR [30] түймесін басыңыз.

Ескертулер
- Бағдарламалаудан кейін диск шығарылса, барлық бағдарламаланған тректер немесе файлдар жойылады.
- Жүйе қосулы кезде қуат сымы ажыратылса, бағдарламаланған тректер немесе файлдар жойылады.

Радио тыңдау

Радио станцияны реттеу

1. Қашықтан басқару құралында TUNER FUNCTION [3] түймесін немесе құрылғыдағы FUNCTION [3] түймесін дисплейде «FM» немесе «AM» пайда болғанша (CMT-BT60) немесе «DAB» немесе «FM» пайда болғанша (CMT-BT60B) қайталап басыңыз [13].
2. Толқынды реттеңіз.

Автоматты түрде іздеу

TUNING MODE [20] түймесін «AUTO» пайда болғанша қайталап басыңыз, одан кейін TUNE +/− [6] түймесін басыңыз. Станция реттелген кезде тексеру автоматты түрде тоқтайды және дисплейде «ST» (тек стерео бағдарламалар үшін) пайда болады [13].



Егер іздеу тоқтамаса, оны тоқтату үшін ■ [5] түймесін басыңыз, одан кейін қолмен реттеңіз (төменде).
RDS қызметтерін ұсынатын станцияға қойған кезде, қызмет атауы немесе станция атауы сияқты мәліметтерді таратушылар қамтамасыз етеді.

Қолмен реттеу

TUNING MODE [20] түймесін «MANUAL» сөзі пайда болғанша қайталап басыңыз, одан кейін қажетті станцияны реттеу үшін TUNE +/− [6] түймесін қайталап басыңыз.

DAB/DAB+ станциялары бойынша ескертулер

- DAB/DAB+ станцияларын реттеместен бұрын, DAB бастапқы тексеруі орындалғанын тексеріңіз.
- RDS қызметтерін ұсынатын станцияға қойған кезде, қызмет атауы немесе станция атауы сияқты мәліметтерді таратушылар қамтамасыз етеді.
- DAB/DAB+ станциясына реттеген кезде, қандай да бір дыбысты естіместен бұрын бірнеше секунд өтуі мүмкін.
- Қосымша қызмет аяқталған кезде, негізгі қызмет автоматты түрде қабылданады.
- Тюнер деректер қызметтерін қолдамайды.

Кеңес
Әлсіз FM стерео станциясында атмосфералық кедергілерді азайту үшін FM MODE [21] түймесін «MONO» жазуы шығып стерео қабылдауды өшіргенше қайталап басыңыз.

AM реттеу аралығын өзгерту үшін (еуропалық және ресейлік үлгілерден басқа)

AM реттеу аралығы үшін әдепкі параметр: 9 кГц (немесе кейбір аймақтар үшін 10 кГц).
Бұл әрекетті орындау үшін құрылғыдағы түймелерді пайдаланыңыз.

1. AM станциясын таңдау үшін қашықтан басқару құралында TUNER FUNCTION [3] түймесін немесе құрылғыдағы FUNCTION [3] түймесін қайталап басыңыз.
2. Жүйені өшіру үшін I/⏻ [2] түймесін басыңыз.
3. FUNCTION [3] түймесін басып тұрыңыз және құрылғыдағы I/⏻ [2] түймесін басыңыз.
   Дисплейде «STEP 9K» немесе «STEP 10K» пайда болады. Аралық өзгертілген кезде, барлық AM алдын ала орнатылған станцияларды өшіріледі.

DAB автоматты тексеруін қолмен іске қосу (тек CMT-BT60B)

DAB/DAB+ станцияларын реттеместен бұрын, DAB бастапқы тексеруін орындауыңыз керек.
Басқа аймаққа көшкеніңізде, DAB/DAB+ қызметінің мәліметтерін жаңарту үшін DAB бастапқы тексеруін де орындаңыз.

1. Қашықтан басқару құралында TUNER FUNCTION [3] түймесін немесе құрылғыдағы FUNCTION [3] түймесін дисплейде «DAB» пайда болғанша қайталап басыңыз [13].
2. Параметрлер мәзірін көрсету үшін OPTIONS [33] түймесін басыңыз.
3. «INITIAL» тармағын таңдау үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.
4. «OK» тармағын таңдау үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.
   Тексеру басталады. Тексеру барысы жұлдызшалармен (*******) көрсетіледі. Аймағыңызда қол жетімді DAB/DAB+ қызметтеріне байланысты, тексеру бірнеше минут алуы мүмкін.
   Тексеру аяқталған кезде, қол жетімді қызметтер тізімі жасалады.

Ескертулер
- Еліңізде немесе аймағыңызда DAB/DAB+ таратылымы үшін қолдау көрсетілмесе, «NO SERV» сөзі пайда болады.
- Бұл іс рәсімі барлық алдыңғы сақталған алдын ала орнатылған параметрлерді тазалайды.
- DAB/FM антеннасын ажыратпастан бұрын, жеке DAB/DAB+ параметрлерін сақтау үшін жүйенің өшірілгенін тексеріңіз.

Радио станцияларды алдын ала орнату

1. Қалаған станцияға қойыңыз.
2. TUNER MEMORY [22] түймесін басыңыз.

Алдын ала орнатылған нөмір

3. Алдын ала орнатылған параметр нөмірін таңдау үшін TUNE +/− [6] түймесін қайталап басыңыз.
   Егер басқа станция таңдалған санға қойылған болса, станция жаңа станциямен жаңартылады.
4. Станцияны тіркеу үшін ⊕ [32] түймесін басыңыз.
   Дисплейде «COMPLETE» сөзі пайда болады [13].
5. Басқа станцияларды тіркеу үшін 1-ден 4-ке дейінгі қадамдарды қайталаңыз.
   20 FM, 10 AM (CMT-BT60 only) және 20 DAB/DAB+ (тек CMT-BT60B) станцияға дейін алдын ала орнатуға болады.

Алдын ала орнатылған радио станцияны реттеу

TUNING MODE [20] түймесін дисплейде «PRESET» сөзі пайда болғанша қайталап басыңыз [13], одан кейін қажетті станция тіркелген алдын ала орнатылған нөмірді таңдау үшін TUNE +/− [6] түймесін басыңыз.

USB құрылғысындағы файлды ойнату

USB жадын немесе USB құрылғысын жүйеге қосу арқылы USB құрылғысында сақталған дыбыстық файлдарды ойната аласыз. Ойнатылатын дыбыс пішімі: MP3/WMA*/AAC*.
Үйлесімді USB құрылғылары туралы толық ақпарат үшін төменлдегі веб-сайттарды қараңыз.
Еуропадағы тұтынушылар үшін:
http://support.sony-europe.com/
Латын Америкасындағы тұтынушылар үшін:
http://www.sony-latin.com/index.crp
Басқа елдердегі/аймақтардағы тұтынушылар үшін:
http://www.sony-asia.com/support

* DRM (Digital Rights Management) авторлық құқықты қорғауы бар файлдар немесе Интернеттегі музыка дүкенінен жүктеліп алынған файлдар жүйеде ойнатылмайды. Осы файлдардың біреуін ойнатуға әрекет етсеңіз, жүйе келесі қорғалмаған дыбыстық файлды ойнатады.

1. Қашықтан басқару құралында USB FUNCTION [3] түймесін немесе құрылғыдағы FUNCTION [3] түймесін дисплейде «USB» пайда болғанша қайталап басыңыз [13].
2. USB құрылғысын USB құрылғысымен берілген USB кабелі арқылы құрылғыдағы USB портына C тікелей қосыңыз.
3. Ойнатуды бастау үшін ▶II [4] түймесін басыңыз.

Басқа әрекеттер

Орындалатын әрекеттер	Мына әрекеттерді орындаңыз:
Ойнатуды тоқтата тұру	▶II [4] түймесін басыңыз. Ойнатуды жалғастыру үшін түймені қайтадан басыңыз.
Ойнатуды тоқтату	■ [5] түймесін басыңыз. Ойнатуды жалғастыру үшін ▶II [4] [*1] түймесін басыңыз. Ойнатуды жалғастырудан бас тарту үшін ■ [5] түймесін қайта басыңыз[*2].
Қалтаны таңдау	🗀 +/ − [23] түймесін қайталап басыңыз.
Файлды таңдау	|◀◀/▶▶| [6] түймесін басыңыз.
Файлда қажетті жерді табу	Ойнату кезінде ◀◀/▶▶ [6] (құрылғыдағы |◀◀/▶▶| [6] түймесін) басып тұрыңыз және қажетті нүктеде түймені босатыңыз.
Қайта ойнатуды таңдау	REPEAT [25] түймесін «⟲» (барлық дыбыстық файлдар) or «⟲1» (бір дыбыстық файл) пайда болғанша қайталап басыңыз

[*1] VBR MP3/WMA файлын ойнату кезінде жүйе ойнатуды басқа жерден жалғастыруы мүмкін.
[*2] Ойнатуды жалғастыру қалталар санына оралады.

Ойнату режимін өзгерту

Ойнатқыш тоқтағанша PLAY MODE [26] түймесін қайталап басыңыз. «Қалыпты ойнату» режимін (көрсеткіш жоқ немесе «FLDR» пайда болады[*1]) немесе «Кездейсоқ ретпен ойнату» режимін («SHUF» немесе «FLDR SHUF» пайда болады[*2]) таңдай аласыз.[*2]).

[*1] Ешқандай көрсеткіш таңдалмаған кезде, жүйе USB құрылғысындағы барлық файлдарды ойнатады. «FLDR» таңдалған кезде, жүйе USB құрылғысында таңдалған қалтадағы барлық файлдарды ойнатады.
[*2] «SHUF» таңдалған кезде, жүйе USB құрылғысындағы барлық дыбыстық файлдарды кездейсоқ ретпен ойнатады. «FLDR SHUF» таңдалған кезде, жүйе таңдалған қалтадағы барлық дыбыстық файлдарды кездейсоқ ретпен ойнатады.

Ойнату режимі бойынша ескерту

Жүйе қосулы кезде қуат сымы ажыратылса, ойнату кержиі «Қалыпты ойнату» режиміне оралады.

Ойнатуды қайталау бойынша ескертулер

- «⟲» ойнату тоқтатылғанша барлық файлдар қайталанатынын көрсетеді.
- «⟲1» ойнату тоқтатылғанша бір файл қайталанатынын көрсетеді.
- Жүйе қосулы кезде қуат сымы ажыратылса, ойнату кержиі «Ойнатуды қайталау» режимі болдырылмайды.

«Кездейсоқ ретпен ойнату» режимі бойынша ескерту

Жүйе өшірілген кезде, таңдалған «Кездейсоқ ретпен ойнату» режимі («SHUF» немесе «FLDR SHUF») тазаланады және ойнату режимі «Қалыпты» (көрсеткіш жоқ немесе «FLDR») режиміне оралады.

Ескертулер
- Жүйенің ойнату реті қосылған сандық музыка ойнатқышының ойнату ретінен басқаша болуы мүмкін.
- USB құрылғысын шығарып алмастан бұрын, жүйені міндетті түрде өшіріңіз. USB құрылғысын жүйе қосулы кезде шығарып алу USB құрылғысындағы деректерді зақымдауы мүмкін.
- USB кабелін жалғау қажет болған кезде USB құрылғысымен бірге берілген USB кабелі жалғануы керек. Қосылым туралы мәліметтерді USB құрылғысының пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.
- Қосылғаннан кейін қосылған USB құрылғысының түріне байланысты «READING» сөзі пайда болғанша біраз уақыт кетуі мүмкін.
- USB құрылғысын USB хабы арқылы қоспаңыз.
- USB құрылғысы қосылған кезде жүйе USB құрылғысындағы барлық файлдарды оқиды. Егер USB құрылғысында бірнеше қалталар немесе файлдар болса, USB құрылғысын оқуды аяқтау ұзақ уақыт алуы мүмкін.
- Бірнеше қосылған USB құрылғымен жүйеден сигналдарды тасымалдау немесе USB құрылғысын оқуды аяқтау үшін біраз уақыт кетуі мүмкін.
- Барлық кодтау/жазу бағдарламалық құралымен үйлесімді болуына кепілдік берілмейді. Егер USB құрылғысындағы дыбыстық файлдар үйлесімді емес бағдарламалық құралмен кодталған болса, ол файлдар шу шығаруы немесе дұрыс жұмыс істемеуді тудыруы мүмкін.
- Бұл жүйемен үйлесімді USB құрылғысындағы қалталар мен файлдардың ең көп саны:
  - 1 000* қалта (түбірлік қалтаны қоса)
  - 3 000 файл
  - Бір қалтадағы 250 файл
  - 8 қалта деңгейі (файлдардың тармақ құрылымы)

* Бұл ойнатылатын дыбыстық файл және бос қалталар жоқ қалталарды қамтиды. Жүйе анықтай алатын қалталардың саны қалта құрылымына байланысты қалталардың нақты санынан аздау болуы мүмкін.

- Жүйе жалғанған USB құрылғысында берілген барлық функцияларды қолдамайды.
- Дыбыстық файлдары жоқ қалталар анықталмады.
- Бұл жүйемен тыңдайтын дыбыс пішімдері мынадай:
  - MP3: файл кеңейтімі «.mp3»
  - WMA: файл кеңейтімі «.wma»
  - AAC: файл кеңейтімі «.m4a», «mp4» немесе «.3gp»

  Файлдың атауында дұрыс файл кеңейтімі көрсетілсе де, нақты файл басқа болса да, жүйе қатты шуыл шығаруы мүмкін немесе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

USB құрылғысын немесе iPod/iPhone/iPad құрылғысын зарядтау

SB құрылғысын немесе iPod/iPhone/iPad құрылғысын USB портына жүйе қосулы кезде қоссаңыз, C зарядтау автоматты түрде басталады.

USB құрылғысын зарядтауды тоқтату үшін

Жүйені өшіру үшін I/⏻ [2] түймесін басып, одан кейін USB кабелін ажыратыңыз.

Ескерту
USB құрылғысын немесе iPod/iPhone/iPad құрылғысын жүйе өшірулі кезде зарядттай алмайсыз. Кейбір USB құрылғылары және iPod/iPhone құрылғысы техникалық сипаттарына байланысты зарядталмауы мүмкін.

BLUETOOTH функциясын пайдалану

«WALKMAN» немесе BLUETOOTH құрылғысынан сымсыз қосылым арқылы музыка тыңдай аласыз.



«WALKMAN» сияқты BLUETOOTH құрылғысы

Бұл жүйе BLUETOOTH A2DP және AVRCP профайлдарын қолдайды. BLUETOOTH сымсыз технологиясы туралы мәліметтерді «BLUETOOTH сымсыз технологиясы» бөлімінен қараңыз.

BLUETOOTH көрсеткіші туралы

BLUETOOTH көрсеткіші [8] BLUETOOTH күйін тексеруге мүмкіндік береді.

Жүйе күйі	Көрсеткіш күйі
Жүйе BLUETOOTH күту режимінде (жүйе қосулы кезде).	Жайлап көк түсті болып жыпылықтайды.
BLUETOOTH жұптауы кезінде	Көк түсті болып жылдам жыпылықтайды.
Жүйе BLUETOOTH құрылғысымен қосылуға әрекет етуде.	Көк түсті болып жыпылықтайды.
Жүйе BLUETOOTH құрылғысымен қосылымды орнатты.	Көк түсті болып жанады.

AAC кодегін қабылдауды қосу

BLUETOOTH құрылғысынан деректерді AAC кодек пішімінде қабылдай алады. Қабылдауды қосу үшін параметр мәзірін пайдалануды орнатыңыз.

1. Параметрлер мәзірін көрсету үшін OPTIONS [33] түймесін басыңыз.
2. «BT AAC» тармағын таңдау үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.
3. «ON» немесе «OFF» тармағын таңдау үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.
   ON: AAC кодек пішімінде қабылдау үшін
   OFF: SBC кодек пішімінде қабылдау үшін

Ескертулер
- BLUETOOTH қосылымы кезінде орнатуды бастасаңыз, қосылым үзіледі.
- Дыбыс AAC кодек пішімінде қабылдау кезінде үзілсе, BT AAC мәзірін «OFF» мәніне орнатыңыз.

Бұл жүйені BLUETOOTH құрылғысымен жұптау

Жұптау – BLUETOOTH құрылғылары бір-бірімен алдын ала тіркелетін әрекет. Жүйені BLUETOOTH құрылғысымен жұптау үшін төмендегі іс рәсімін пайдаланыңыз. Жұптау әрекеті орындалғаннан кейін, ол қайта орындалмауы керек. Жұптау аяқталып қойған болса, «Музыканы BLUETOOTH қосылымы арқылы тыңдау» әрекетіне өтіңіз.

1. Қосылу қажет BLUETOOTH құрылғысын жүйеден 1 метр қашықтықта орналастырыңыз.
2. BLUETOOTH FUNCTION [3] түймесін немесе құрылғыдағы FUNCTION [3] түймесін дисплейде «BT AUDIO» пайда болғанша басыңыз [13].
   - BLUETOOTH көрсеткіші [8] көк түсті болып жайлап жыпылықтайды.
   - Жүйе BLUETOOTH құрылғысымен бұрын автоматты түрде қосылса, дисплейде «BT AUDIO» сөзі пайда болуы үшін қосылымнан бас тарту мақсатында құрылғыдағы BLUETOOTH [9] түймесін басыңыз [13].

3 Құрылғыдағы BLUETOOTH [9] түймесін 2 секунд немесе одан ұзағырақ басып тұрыңыз.

BLUETOOTH көрсеткіші [8] көк түсті болып жылдам жыпылықтайды және дисплейде «PAIRING» сөзі жыпылықтайды [13].

Жүйе «Жұптау» режимінде.

4 BLUETOOTH құрылғысында жұптау әрекетін орындап, осы жүйені BLUETOOTH құрылғысымен іздеңіз.

Іздеу аяқталған кезде, табылған құрылғылар тізімі BLUETOOTH құрылғысының дисплейінде пайда болуы мүмкін.

- Бұл жүйе «SONY:CMT-BT60» немесе «SONY:CMT-BT60B» ретінде пайда болады. Ол пайда болмаса, іс рәсімін 1-қадамдан бастап қайтадан орындаңыз.
- Осы жүйемен қосылымды орнату кезінде BLUETOOTH құрылғысында дыбыс профайлын (A2DP, AVRCP) таңдаңыз.
- BLUETOOTH құрылғысы AVRCP (Дыбысты, бейнені қашықтан басқару профайлы) профайлын қолдамаса, жүйемен ойнату немесе басқа әрекеттерді орындай алмайсыз.
- Қосылу қажет BLUETOOTH құрылғысының әрекеттері туралы мәліметтерді BLUETOOTH құрылғысымен берілген пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

5 «SONY:CMT-BT60» немесе «SONY:CMT-BT60B» тармағын BLUETOOTH құрылғысының дисплейінен таңдаңыз.

BLUETOOTH құрылғысында құпия кілтті енгізу сұралса, «0000» мәнін енгізіңіз.

6 BLUETOOTH құрылғысын іске қосып, BLUETOOTH қосылымын орындаңыз.

Жұптау аяқталған кезде және BLUETOOTH құрылғысымен қосылым дұрыс орнатылғанда, дисплей [13] «PAIRING» күйінен «BT AUDIO» күйіне ауысады және BLUETOOTH көрсеткіші [8] көк түсті болып жайлап жыпылықтайды.

- BLUETOOTH құрылғысының түріне байланысты қосылым жұптау аяқталғаннан кейін автоматты түрде басталуы мүмкін.

Ескертулер
- Құрылғыға байланысты «Құпия кілт» сөзі «Құпия код», «PIN коды», «PIN нөмірі» немесе «Құпия сөз», т.б. деп аталуы мүмкін.
- Жүйенің жұптауды күту күйі шамамен 5 минуттан кейін болдырылмайды. Жұптау сәтсіз болса, іс рәсімін 1-қадамнан бастап орындаңыз.
- Бірнеше BLUETOOTH құрылғысымен жұптау қажет болса, әрбір BLUETOOTH құрылғысы үшін іс рәсімін 1-ден 6-қадамға дейін орындаңыз.

Кеңес
Жұптау әрекетін немесе BLUETOOTH қосылымын басқа BLUETOOTH құрылғысымен қосуға әрекетті BLUETOOTH қосылымы бір BLUETOOTH құрылғысымен орнатулы кезде орындай аласыз. Ағымдағы орнатылған BLUETOOTH қосылымы басқа құрылғымен BLUETOOTH қосылымы сәтті орнатылған кезде болдырылмайды.

Жұптауды тіркеу мәліметтерін өшіру үшін

1 Қашықтан басқару құралында BLUETOOTH FUNCTION [3] түймесін немесе құрылғыдағы FUNCTION [3] түймесін дисплейде «BT AUDIO» пайда болғанша басыңыз [13].

Жүйе BLUETOOTH құрылғысымен қосылған кезде, қосылған BLUETOOTH құрылғысының құрылғы атауы жиыны жүйенің дисплейінде [13] пайда болады. Ол BLUETOOTH құрылғысымен қосылымды болдырмау, одан кейін «BT AUDIO» сөзін көрсету үшін құрылғыдағы BLUETOOTH [9] түймесін басыңыз.

2 Параметрлер мәзірін көрсету үшін OPTIONS [33] түймесін басыңыз.

3 «DEL LINK» тармағын таңдау үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.

4 «OK» тармағын таңдау үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.

«COMPLETE» сөзі пайда болады және барлық қалған мәліметтер өшіріледі.

Ескерту
Жұптау мәліметтерін өшіріп тастаған болсаңыз, жұптау қайта орындалмайынша BLUETOOTH қосылымын орната алмайсыз. BLUETOOTH құрылғысымен қайта қосылу үшін BLUETOOTH құрылғысында құпия кілтті енгізуіңіз керек.

Бір рет түрту әрекеті арқылы қосу (NFC)

NFC құрылғыны көрсетілген орынға тек түрту арқылы деректер байланысын орнатуға мүмкіндік береді.
Үйлесімді смартфондар NFC функциясымен жабдықталғандары (үйлесімді амалдық жүйе: Android 2.3.3 немесе одан кейінгі нұсқасы, Android 3.x нұсқасын қоспағанда).
Үйлесімді құрылғылар бойынша ақпарат алу үшін төмендегі веб-торапты қараңыз.
Еуропадағы тұтынушылар үшін:
http://support.sony-europe.com/
Латын Америкасындағы тұтынушылар үшін:
http://www.sony-latin.com/index.crp
Басқа елдердегі/аймақтардағы тұтынушылар үшін:
http://www.sony-asia.com/support

Смартфонда дайындау (Android)

NFC-үйлесімді қолданбасы смартфонға орнатылуы тиіс. Орнатылмаса, «NFC Easy Connect» қолданбасын Google Play торабынан жүктеп алуыңызға болады.

- Кейбір елдер мен аймақтарда, NFC-үйлесімді қолданбасын жүктеп алу мүмкін болмайды.
- Кейбір смартфондар үшін бұл функция «NFC Easy Connect» қолданбасын жүктемейінше қол жетімді болмауы мүмкін. Бұл жағдайда, смартфонның жұмысы мен техникалық сипаттары осы нұсқаулықта берілген сипаттамадан басқаша болуы мүмкін.

1 Қолданбаны орнату үшін төмендегі веб-торапқа кіріңіз.

https://play.google.com/store/apps/details?id=com.sony.easyconnect

2D кодын пайдаланып кірсеңіз

2D Code Reader қолданбасын пайдаланыңыз.

2 Смартфонды NFC функциясын қосатын етіп орнатыңыз.

Мәліметтерді смартфонмен берілген пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

«NFC Easy Connect» қолданбасы туралы

Бұл — Android үшін арнайы пайдаланылатын тегін қолданба. Интернеттен «NFC Easy Connect» туралы толық ақпаратты іздеп, қолданбаны жүктеп алыңыз.

- Кейбір елдер мен аймақтарда, NFC-үйлесімді қолданбасын жүктеп алу мүмкін болмайды.

Смартфонмен бір басу әрекеті арқылы қосылым жасау

Жай ғана смартфонды жүйеге тигізіңіз. Жүйе автоматты түрде қосылады және жұптау мен BLUETOOTH қосылымы орнатылады.

1 Смартфонда «NFC Easy Connect» қолданбасын іске қосыңыз.

Қолданба дисплейінің пайда болғанын тексеріңіз.

2 Смартфонды құрылғыға тигізіңіз.

Смартфонды құрылғыдағы N белгісіне [14] тигізіп, смартфон дірілдегенше тигізіп тұрыңыз.

Экрандағы нұсқауларды орындап, смартфонмен қосылымды аяқтаңыз.

Сенсорлы контакт пайдаланылған смартфонның бөлігін смартофнның пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

- рнатылған қосылымды ажырату үшін смартфонды құрылғыдағы N белгісіне [14] тигізіңіз.
- NFC-үйлесімді смартфонын құрылғыға басқа BLUETOOTH құрылғысы осы жүйемен қосылып тұрған кезде тигізгенде, BLUETOOTH құрылғысы ажыратылады және жүйе смартфонмен қосылады.
- Осы жүйемен қосылған смартфонды басқа NFC-үйлесімді BLUETOOTH құлақаспабына немесе динамигіне тигізсеңіз, смартфон жүйеден ажыратылып, тигізілген BLUETOOTH құрылғысына қосылады.

Музыканы BLUETOOTH қосылымы арқылы тыңдау

BLUETOOTH құрылғысын жүйе мен BLUETOOTH құрылғысын AVRCP көмегімен қосу арқылы қолдана аласыз.
Музыканы ойнатпастан бұрын келесіні тексеріңіз:

- BLUETOOTH құрылғысының BLUETOOTH функциясы қосылған.
- Жұптау аяқталды.

1 Қашықтан басқару құралында BLUETOOTH FUNCTION [3] түймесін немесе құрылғыдағы FUNCTION [3] түймесін дисплейде «BT AUDIO» пайда болғанша қайталап басыңыз [13].

2 BLUETOOTH құрылғысымен BLUETOOTH қосылымын орнатыңыз.

Қосылым орнатылғаннан кейін, дисплейде «LINKED» сөзі пайда болады [13] одан кейін BLUETOOTH құрылғысымен BLUETOOTH құрылғысының атау жиыны пайда болады.

BLUETOOTH құрылғысы осы жүйемен бұрын қосылған болса, ол ешқандай пайдаланушы әрекетінсіз автоматты түрде қосылуы мүмкін.

3 Ойнатуды бастау үшін ►II [4] түймесін басыңыз.

BLUETOOTH құрылғысына байланысты ►II [4] түймесін екі рет басуыңыз керек болуы мүмкін.

BLUETOOTH құрылғысына байланысты BLUETOOTH құрылғысының AV бағдарламалық құралын алдын ала іске қосуыңыз керек болуы мүмкін.

4 Дыбыс деңгейін реттеу үшін қашықтан басқару құралында VOLUME +/– [12] түймесін немесе құрылғыдағы VOL +/– [12] түймесін басыңыз.

Басқа әрекеттер

Орындалатын әрекеттер	Мына әрекеттерді орындаңыз:
Ойнатуды тоқтата тұру	►II [4]* түймесін басыңыз.
Ойнатуды тоқтату	■ [5] түймесін басыңыз.
Қалтаны таңдау	📁 +/– [23] түймесін басыңыз.
Файлды таңдау	I◄◄/►►I [6] түймесін басыңыз.
Файлда қажетті жерді табу	Ойнату кезінде ◄◄/►► [6] (немесе құрылғыдағы I◄◄/►►I [6] түймесін) басып тұрыңыз және қажетті нүктеде түймені босатыңыз.

* BLUETOOTH құрылғысына байланысты ►II [4] түймесін екі рет басуыңыз керек болуы мүмкін.

Ескерту
Бұл әрекеттер белгілі бір BLUETOOTH құрылғылары үшін қол жетімді болмауы мүмкін. Оған қоса, қосылған BLUETOOTH құрылғысына байланысты нақты әрекеттер басқаша болуы мүмкін.

Қосылған BLUETOOTH құрылғысының мекенжайын тексеру үшін

DISPLAY [27] түймесін қосылған BLUETOOTH құрылғысындағы BLUETOOTH құрылғысының атау жиыны дисплейде көрсетіліп тұрған кезде басыңыз [13]. BLUETOOTH құрылғысының мекенжайы жүйе дисплейінде екі орнатымда 8 секунд бойы пайда болады.

BLUETOOTH құрылғысымен қосылымнан бас тарту үшін

Құрылғыдағы BLUETOOTH [9] түймесін басыңыз. Дисплейде «UNLINKED» сөзі пайда болады [13]. BLUETOOTH құрылғысына байланысты қосылым ойнату тоқтатылған кезде автоматты түрде тоқтатылуы мүмкін.

Қосымша дыбыстық компоненттерді пайдалану

1 Дыбыс деңгейін төмендету үшін қашықтан басқару құралында VOLUME – [12] түймесін немесе құрылғыдағы VOL – [12] түймесін басыңыз.

2 Қосымша дыбыс компонентін AUDIO IN ұясына [D] дыбыс қосу кабелімен (берілмеген) қосыңыз.

3 Қашықтан басқару құралында AUDIO IN FUNCTION [3] түймесін немесе құрылғыдағы FUNCTION [3] түймесін дисплейде «AUDIO IN» пайда болғанша қайталап басыңыз [13].

4 Қосылған компонентті ойнатуды бастаңыз.

Ойнату кезінде қосылған компонентте дыбыс деңгейін реттеңіз.

5 Дыбыс деңгейін реттеу үшін қашықтан басқару құралында VOLUME +/– [12] түймесін немесе құрылғыдағы VOL +/– [12] түймесін басыңыз.

Ескерту
Қосылған компоненттің дыбыс деңгейі төмен болса, жүйе автоматты түрде күту режиміне өтуі мүмкін. Компоненттің дыбыс деңгейін реттеңіз.

Автоматты күту режимі функциясын орнату

Автоматты күту функциясы арқылы жүйе 30 минут шамасында ешқандай әрекет немесе дыбыс сигналы шықпаған кезде күту режимін автоматты түрде қосады. Дисплейде «AUTO»: Дисплейде «STBY» сөзі [13] жүйе күту режиміне өтпестен бұрын 2 минут бойы пайда болады. Әдепкі бойынша автоматты күту режимі функциясы қосулы болады. Параметрлер мәзірін пайдаланып функцияны өшіруіңізге болады.

1 Параметрлер мәзірін көрсету үшін OPTIONS [33] түймесін басыңыз.

2 «AUTO:STBY» тармағын таңдау үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.

3 «ON» немесе «OFF» тармағын таңдау үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.

Ескертулер
- Автоматты күту режимі функциясы ол қосылған кезде де тюнер функциясы (FM/AM/DAB) үшін жарамсыз болады.
- Жүйе күту режимін мына жағдайларда автоматты түрде қоса алмайды;
  - дыбыс сигналы анықталып жатқанда
  - дыбыстық тректер мен файлдарды ойнату кезінде
  - алдын ала орнатылған ұйқы таймері немесе ойнату таймері іске қосылған кезде
- USB құрылғысы қосылғанда немесе қашықтан басқару құралындағы немесе құрылғыдағы түйме басылғанда, автоматты күту режимі функциясы болса да, жүйе күту режиміне өткенше, ол уақытты төмен қарай (30 минут) қайтадан төмен қарай санайды.

BLUETOOTH күту режимін орнату

BLUETOOTH күту режимі қосылған кезде, жүйе өшірулі болса да, BLUETOOTH қосылымы үшін күту режиміне өтеді. Жүйе қосылған BLUETOOTH құрылғысынан ойнату пәрменін алса, ол қосылады және музыка ойнатылады. BLUETOOTH күту режимі әдепкі бойынша көрсетіледі.

1 Параметрлер мәзірін көрсету үшін OPTIONS [33] түймесін басыңыз.

2 «BT STBY» тармағын таңдау үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.

3 «ON» немесе «OFF» тармағын таңдау үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.

4 Жүйені өшіру үшін I/⏻ [2] түймесін басыңыз.

«BT STBY» параметрі «ON» мәніне орнатылған кезде, жүйе қосылады және қосылған компонентте BLUETOOTH функциясын белсендіру арқылы музыка тыңдай аласыз.

Дыбысты реттеу

Төменгі жиілікті көтеру мүмкіндігін орнату

«ON» немесе «OFF» тармағын таңдау үшін BASS BOOST [11] түймесін қайталап басыңыз.

Басс пен жоғарғы дыбыс жиілігін реттеу

Бассты реттеу үшін қашықтан басқару құралында BASS +/– [28] түймесін, ал жоғарғы дыбыс жиілігін реттеу үшін TREBLE +/– [29] түймесін басыңыз.

Кеңес
Бұл жүйе қысу арқылы туындаған сапа нашарлауына қарамастан таза жоғарғы дыбыс жиілігін қайта шығару үшін DSEE функциясымен жабдықталған.
Әдетте DSEE функциясы дыбыс көзін анықтау арқылы автоматты түрде белсендіріледі, бірақ ол қолданыстағы функцияға байланысты белсендірілмеуі мүмкін.

Дисплейді өзгерту

Орындалатын әрекеттер	Мына әрекеттерді орындаңыз:
Дисплейдегі ақпаратты өзгерту [13] *1	Жүйе қосулы болған кезде DISPLAY [27] түймесін қайталап басыңыз.
Дисплей сағаты	Жүйе өшірулі кезде DISPLAY [27] түймесін қайталап басыңыз. *2 Сағат шамамен 8 секундқа пайда болады.

*1 CD-DA/MP3 дискісін ойнату кезінде төменде сипатталған ақпаратты қарай аласыз.
*2 Ақпарат BLUETOOTH режимінде пайда болмайды.

CD-DA дискісі

— ойнату кезіндегі тректің қалған ойнату уақыты
— барлық қалған ойнату уақыты

MP3 дискісі

— трек немесе файл атауы («♫»)
— әнші аты («👤»)
— альбом атауы («📁»)

Дисплейдегі ақпарат бойынша ескертулер

- Көрсетілмейтін таңбалар «–» ретінде көрсетіледі.
- Келесілер көрсетілмейді:
  - қалған ойнату уақыты немесе MP3 дискісі үшін барлық ойнату уақыты
  - MP3 файлының қалған ойнату уақыты.
- Келесілер дұрыс көрсетілмейді:
  - VBR (айнымалы бит жылдамдығы) арқылы кодталған MP3 файлын ойнатудағы өтетін уақыт.
  - Кеңейту пішіміндегі ISO9660 1-деңгейіне / 2-деңгейіне немесе Joliet кеңейтіміне сәйкес келмейтін қалта мен файл атаулары.
- Келесілер көрсетіледі:
  - CD-DA дискісіндегі жалпы ойнату уақыты (PGM режимі таңдалған кезден немесе ойнатқыш тоқтаған кезден басқа)
  - CD-DA дискісінің трегі үшін қалған ойнату уақыты
  - CD-DA дискісі үшін қалған ойнату уақыты (тек ойнату кезінде «Қалыпты ойнату» режимі таңдалған кезде)
  - MP3 файлдары үшін ID3 тег ақпараты. ID3 2 нұсқасының тег ақпаратын көрсетуде екі ID3 1 және 2-нұсқа тегтері бір MP3 файлы үшін пайдаланылғанда басымдылығы бар.
  - ID3 тегі үшін 64 таңбаға дейін, мұнда рұқсат етілген таңбалар: бас әріптер (A- Z), сандар (0- 9) және таңбалар (˝ $ % ’ ( ) * + , – . / < = > @ [\ ] _ ` { | } ! ? ^ ~)

DAB/DAB+ дисплейдегі ақпарат бойынша ескертулер

Келесілер де көрсетіледі;
— қызмет атауының 8 таңбасына дейін, DLS (Dynamic Label Segment) атауының 128 таңбасына дейін және тұтастық белгісінің 16 таңбасына дейін.
— сигнал сапасын көрсететін 0 және 100 аралығындағы мән көрсетіледі.

Таймерлерді пайдалану

Жүйе ұйқы таймерін және ойнату таймерін ұсынады. Ұйқы таймерінле ойнату таймеріне қарағанда басымдық бар.
Қашықтан басқару құралындағы түймелерді пайдаланып таймерді орната аласыз.

Ұйқы таймерін орнату

Ұйқы таймері үшін орнатылған уақыт өткеннен кейін, жүйе автоматты түрде өшеді.
Ұйқы таймері сағат орнатылмаса да жұмыс істейді.

1 Уақытты көрсету үшін SLEEP [19] түймесін қайталап басыңыз.

- 30 минуттан кейін жүйені өшіру үшін «30MIN» тармағын таңдаңыз.
- Ұйқы таймерін болдырмау үшін «OFF» тармағын таңдаңыз.

Ойнату таймерін орнату

Нақты уақытта CD-DA немесе MP3 дискісін күнделікті тыңдай аласыз.
Таймерді орнатпастан бұрын сағаттың орнатылғанын тексеріңіз.

1 Дыбыс көзін дайындаңыз, одан кейін дыбыс деңгейін реттеу үшін VOLUME (немесе VOL) +/– [12] түймесін басыңыз.

Қол жетімді дыбыс көздері: CD, USB және TUNER (FM, AM немесе DAB)* FUNCTION.

Арнайы ықшам диск трегінен, дыбыстық файлдан немесе радио станциядан бастау үшін жеке бағдарламаңызды жасаңыз.

* CMT-BT60 үшін FM немесе AM, ал CMT-BT60B үшін FM немесе DAB.

2 TIMER MENU [18] түймесін басыңыз.

3 «PLAY SET» тармағын таңдау үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.

Бастау уақыты дисплейде жыпылықтайды.

4 Әрекетті бастау үшін уақытты орнатыңыз.

Сағатты қою үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.

Минут көрсеткіші жыпылықтайды. Минутты қою үшін жоғарыдағы әрекетті қолданыңыз.

Бастау уақыты орнатылған кезде, жүйе тоқтату уақытын орнатуға өтеді.

5 Әрекетті тоқтау уақытын орнату үшін 4-қадамдағы әрекеттегідей әрекетті қолданыңыз.

Дисплейде «TIME NG» жыпылықтаса

Бастау уақыты мен тоқтату уақыты бір уақытқа орнатылған. Тоқтату уақытын өзгертіңіз.

6 Дыбыс көзін таңдаңыз.

Қажетті дыбыс көзі пайда болғанша ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.

Қол жетімді дыбыс көздерін 1-қадамнан көріңіз.

Дыбыс көзін таңдау аяқталғаннан кейін, ойнату таймері үшін құптау дисплейі пайда болады.

7 Жүйені өшіру үшін I/⏻ [2] түймесін басыңыз.

- Ойнату таймері орнатылған кезде, жүйе алдын ала орнатылған уақыттан бұрын 15 секундта (FM, AM немесе DAB үшін) немесе 90 секундта (CD-DA дискісі немесе USB құрылғысы үшін) автоматты түрде іске қосылады.
- Егер жүйе алдын ала орнатылған уақытта қосулы болса, Ойнату таймері жұмыс істемейді. Жүйе қосылып, таймермен ойнатуды бастамайынша жүйені пайдаланбаңыз.

Параметрді тексеру

1 TIMER MENU [18] түймесін басыңыз.

2 «SELECT» тармағын таңдау үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.

3 «PLAY SEL» тармағын таңдау үшін ↑/↓ [23] түймесін қайталап басыңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.

Дисплейде таймер параметрі пайда болады.

Таймерден бас тарту

3-қадамда «OFF» пайда болғанша «Параметрді тексеру» сияқты іс рәсімін қайталаңыз, одан кейін ⊕ [32] түймесін басыңыз.

Параметрді өзгерту

1-қадамнан бастаңыз.

Ескертулер
- Ойнату таймері үшін дыбыс көзі Автоматты тексеру (AUTO) немесе Қолмен реттеу (MANUAL) көмегімен орнатылған радио станцияға орнатылған кезде және радио жиілігін немесе жолақты таймерді орнатқаннан кейін өзгерткенде, таймер үшін радио станция параметрі де өзгертіледі.
- Ойнату таймері үшін дыбыс көзі алдын ала орнатылған радио станциядан (алдын ала орнатылған нөмірі 1-20) реттелген радио станцияға орнатылған кезде және радио станция жиілігін немесе жолақты таймерді орнатқаннан кейін өзгертсеңіз, таймер үшін радио станция параметрі де өзгертілмейді. Таймер үшін радио станцияны реттеу ол үшін орнатылған уақытқа бекітіледі.

Кеңес
Ойнату таймерінің параметрі қолмен өшірілмейінше сол күйде қалады.

Ақауларды жою

1 Қуат сымының мықтап қосылғанын тексеріңіз.

2 Төмендегі тексеру тізімінен ақауды тауып, көрсетілген дұрыстау әрекетін орындаңыз.

Егер ақау кетпесе жақын орналасқан Sony дилеріне хабарласыңыз.

> **STANDBY көрсеткіші жыпылықтаса**
> Қуат сымын бірден суырыңыз және келесі элементті тексеріңіз.
> - Жүйенің желдету саңылауларында бірдеңе тұрып қалған ба?
>
> STANDBY көрсеткіші [1] жыпылықтауды тоқтатқаннан кейін, қуат сымын қайта қосып, жүйені қосыңыз. Егер ақау кетпесе жақын орналасқан Sony дилеріне хабарласыңыз.

Жалпы

Жүйе қосылмайды.
- Қуат сымы дұрыс қосылған ба?

Жүйе күтпеген жерден күту режимін қосқан.
- Бұл дұрыс жұмыс істемеуге жатпайды. Жүйе 30 минут шамасында ешқандай әрекет немесе дыбыс сигналы шықпаған кезде күту режимін автоматты түрде қосады. «Автоматты күту режимі функциясын орнату» бөлімін қараңыз.

Сағат қою немесе Ойнату таймері әрекеті күтпеген жерден тоқтатылды.
- Егер бір минутта ешқандай әрекет орындалмаса, сағат қоюдан немесе Ойнату таймері параметрінен автоматты түрде бас тартылады. Әрекетті басынан бастап қайта орындаңыз.

Ешқандай дыбыс жоқ.
- Дыбыс деңгейін көтеру үшін VOLUME + [12] түймесін басыңыз.
- Қосымша дыбыс компоненттерінің дұрыс қосылғанын тексеріп, функцияны AUDIO IN мәніне орнатыңыз.
- Орнатылған станция таратылымды уақытша тоқтатқан болуы мүмкін.

Қатты гуіл немесе шуыл.
- Жүйені шуыл көздерінен алысқа жылжытыңыз.
- Жүйені басқа қабырға розеткасына қосыңыз.
- Шу сүзгісі бар (берілмеген) АТ қуат қосқышын пайдалану ұсынылады.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді.
- Құрылғының қашықтан басқару құралы мен құрылғыдағы қашықтағы сенсор [16] арасындағы кедергілерді алып тастап, құрылғыны флуоресцентті жарықтардан алыс қойыңыз.
- Қашықтан басқару құралын жүйенің қашықтағы сенсорына бағыттаңыз [16].
- Қашықтан басқару құралын жүйеге жақындатыңыз.

CD-DA/MP3 дискісі

Жүйе дискіні шығармайды және «LOCKED» сөзі пайда болады [13].
- Жақын жердегі Sony дилерімен немесе жергілікті өкілетті Sony қызмет көрсету мекемесімен кеңесіңіз.

Диск салынбайды.
- Жүйенің қосулы екенін тексеріңіз.
- Дисплейде «NO DISC» сөзі пайда болмайынша дискіні диск ұясына салмаңыз [13].

Диск немесе файл ойнатылмайды.
- Аяқталмаған диск (деректер қосуға болатын CD-R немесе CD-RW дискісі).

Дыбыс секіріп ойнайды немесе диск ойнатылмайды.
- Дискіні сүртіп, қайта салыңыз.
- Жүйені дірілдейтін орыннан алып тастаңыз (мысалы, тұғырдың үстінен).

Ойнату бірінші тректен басталмайды.
- Дисплейде «PGM» және «SHUF» сөздері жоғалғанша PLAY MODE [26] түймесін қайталап басу арқылы қалыпты ойнату режиміне [13] оралыңыз.

Ойнату бастау әдеттегіден көп уақыт алады.
- Келесі дискілер ойнатуды бастау уақытын көбейтуі мүмкін:
  - күрделі тармақ құрылымымен жазылған диск.
  - көп сессия режимімен жазылған диск.
  - бірнеше қалталары бар диск.

USB құрылғысы

Қолдау көрсетілетін USB құрылғысын пайдаланып жатсыз ба?
- Егер қолдау көрсетілмейтін USB құрылғысын қоссаңыз, мына ақаулар болуы мүмкін. «USB құрылғысындағы файлды ойнату» бөлімінде берілген URL мекенжайлары арқылы веб-торапта үйлесімді USB құрылғылары туралы ақпаратты қараңыз.
- USB құрылғысы танылмады.
- Файл немесе қалта атаулары жүйеде көрсетілмейді.
- Ойнату мүмкін емес.
- Дыбыс секіріп кетеді.
- Шуыл шығады.
- Сапасы бүлінген дыбыс шығады.

Ешқандай дыбыс жоқ.
- USB құрылғысы дұрыс қосылмаған. Жүйені өшіріп, USB құрылғысын қайта қосыңыз.

Шуыл, секіру немесе сапасы бүлінген дыбыс жоқ.
- Қолдау көрсетілмейтін USB құрылғысы қосылған. Қолдау көрсетілетін USB құрылғысын қосыңыз.
- Жүйені өшіріп, USB құрылғысын қайта қосыңыз.
- Музыка деректерінің өзінде шуыл, немесе дыбыстың сапасы бүлінген. Шуыл музыка деректерін жасау кезінде компьютердегі параметрлерге байланысты енгізілген болуы керек. Бұл жағдайда, файлды жойып, музыка деректерін қайтадан жіберіңіз.
- Файлдарды кодтау төмен болған кезде бит жылдамдығы пайдаланылады. Жоғары жылдамдықпен кодталған файлдарды USB құрылғысына жіберіңіз.

«READING» жазуы ұзақ уақыт көрсетіледі немесе ойнату басталмас бұрын ұзақ уақыт алады.
- Оқу процесі мына жағдайларда ұзақ уақыт алуы мүмкін.
  - USB құрылғысында көптеген қалталар немесе файлдар бар.
  - Файл құрылымы өте күрделі.
  - Жадта жеткілікті бос орын жоқ.
  - Ішкі жад бөлінген.

Қате дисплей.
- Музыка деректерін USB құрылғысына қайта жіберіңіз, USB құрылғысында сақталған деректер бұзылуы мүмкін.
- Осы жүйеде көрсетілетін таңба коды төмендегідей:
  - Бас әріптер (A- Z).
  - Сандар (0- 9).
  - Таңбалар (< > * +, [ ] @ \ _).

  Басқа таңбалар «_» ретінде көрсетіледі.

USB құрылғысы танылмады.
- Жүйені өшіріп USB құрылғысын қайта жалғаңыз, одан кейін жүйені қосыңыз.
- «USB құрылғысындағы файлды ойнату» бөлімінде берілген URL мекенжайлары арқылы веб-торапта үйлесімді USB құрылғылары туралы ақпаратты қараңыз.
- USB құрылғысы дұрыс жұмыс істемейді. Бұл мәселені қарастыру жолын USB құрылғысымен берілген пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

Ойнату басталмайды.
- Жүйені өшіріп USB құрылғысын қайта жалғаңыз, одан кейін жүйені қосыңыз.
- «USB құрылғысындағы файлды ойнату» бөлімінде берілген URL мекенжайлары арқылы веб-торапта үйлесімді USB құрылғылары туралы ақпаратты қараңыз.

Ойнату бірінші тректен басталмайды.
- Ойнату режимін Қалыпты ойнату режиміне қойыңыз.

USB құрылғысы зарядталмайды.
- USB құрылғысының дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Жүйе қуаты өшірілген кезде зарядтау мүмкін емес.
- USB құрылғысын бұл жүйе қолдамауы мүмкін. Үйлесімді USB құрылғылары туралы ақпарат алу үшін веб-тораптарды қараңыз.

Тюнер

Қатты гуіл, шуыл немесе станциялар қабылданбайды. (Дисплейде «ST» жыпылықтаса.)
- Антеннаны дұрыстап жалғаңыз.
- Жақсы қабылдауды қамтамасыз ететін орын мен бағытты тауып, антеннаны қайтадан орнатыңыз.
- Шуыл болмау үшін антенналарды қуат сымынан алшақ ұстаңыз.
- Жақын тұрған электр жабдығын өшіріңіз.

Бір уақытта бірнеше радио станциялар тыңдалуы мүмкін.
- Жақсы қабылдауды қамтамасыз ететін орын мен бағытты тауып, антеннаны қайтадан орнатыңыз.
- Дүкенде сатылатын сым қыстырғыштарымен антеннаның сымдарын байлаңыз, мысалы, антенна сымының ұзындығын реттеңіз.

DAB/DAB+ радио станциясы дұрыс қабылданбайды.
- Барлық антенна қосылымдарын тексеріп, DAB автоматты тексеру іс рәсімін орындаңыз («DAB автоматты тексеруін қолмен іске қосу (тек CMT-BT60B)» бөлімін қараңыз).
- Ағымдағы DAB/DAB+ қызметі қол жетімді болмауы мүмкін. Басқа қызметті таңдау үшін TUNE +/– [6] түймесін басыңыз.
- Басқа аймаққа көшсеңіз, кейбір қызметтер/жиіліктер өзгертілуі және әдеттегі таратылымға реттей алмауыңыз мүмкін. Таратымылдардың мазмұндарын қайта тіркеу үшін DAB автоматты сканерлеу іс рәсімін орындаңыз. (Бұл іс рәсімін орындау барлық алдыңғы сақталған алдын ала орнатылған параметрлерді тазалайды.)

DAB/DAB+ таратылымы үзілген.
- Сигнал сапасының көрсетілген мәнін үлкейту үшін жүйенің орнын тексеріңіз немесе антеннаның бағытын реттеңіз. Сигнал сапасы туралы толық мәліметтерді «Дисплейді өзгерту» бөлімінен қараңыз.

Жүйені зауыттық параметрлерге қою

Егер жүйе әлі дұрыс жұмыс істемей тұрса, жүйені зауыттық парамтерлерге қойыңыз.
Жүйені зауыттық әдепкі параметрлеріне қайта орнату үшін құрылғыдағы түймелерді пайдаланыңыз.

1 Қуат сымын ажыратыңыз және STANDBY көрсеткішінің [1] жанып тұрмағанын растаңыз. Одан кейін, қуат сымын қайта қосып, жүйені қосыңыз.

2 Құрылғыдағы ■ [5] және I/⏻ [2] түймелерін дисплейде «RESET» сөзі пайда болғанша басып тұрыңыз.

Алдын ала қойылған радио станциялар, таймер және сағат сияқты барлық пайдаланушы орнатқан параметрлер жойылады.

Жоғарыдағы әрекеттердің барлығын орындағаннан кейін де проблема қайталанса, жақын жердегі Sony дилерімен кеңесіңіз.

Хабарлар

CANNOT PLAY: Қолдау көрсетілмейтін файл пішіміне немесе ойнату шектеуіне байланысты жүйе дыбыстық файлдарды ойната алмайды.
CAN’T PLAY: CD-ROM және DVD дискісі сияқты осы жүйеде ойнатылмайтын дискіні салғансыз.
COMPLETE: Станцияның алдын ала орнату әрекеті қалыпты түрде аяқталды.
DATA ERROR: Ойнатылмайтын файлды ойнатуға әрекет еттіңіз.
ERROR: Баптандыру кезінде жүйені пайдаландыңыз. Баптандыру аяқталғанша біраз күтіңіз.
FULL: 25-тен артық тректі немесе файлды бағдарламалауға әрекет еттіңіз.
LOCKED: Диск ұясы құлыптанған және дискіні шығарып алу мүмкін емес. Жақын жердегі Sony дилеріне хабарласыңыз.
NO DEVICE: Ешқандай USB құрылғысы қосылмаған немесе қосылған USB құрылғысы шығарып алынған.
NO DISC: Ойнатқышта диск жоқ немесе ойнатылмайтын дискіні салғансыз.
NO MEMORY: Жад құралы USB құрылғысына салынбаған немесе жүйе жад құралын анықтамайды.
NO STEP: Бағдарламаланған барлық тректер өшірілді.
NO SUPPORT: Жүйе қосылған USB құрылғысын қолдамайды.
NO TRACK: USB құрылғысында немесе дискіде ойнатылатын файлдар жоқ.
NOT USED: Ойнатылмайтын түймесін басқансыз.
OVER CURRENT: USB құрылғысын порттан шығарып алып, жүйені өшіріңіз, одан кейін жүйені қосыңыз.
PUSH STOP: CD немесе USB фунциясында ойнату кезінде PLAY MODE [26] түймесін басқансыз.
READING: Жүйе дискідегі немесе USB құрылғысындағы мәліметтерді оқуда. Оқу кезінде кейбір түймелер жұмыс істемейді.
TIME NG: Ойнату таймерді бастау және аяқтау уақыты бір уақытқа қойылған.

Алдын ала ескертулер

Жүйе ойнататын дискілер

- Дыбыстық CD-DA дискілер
- CD-R/CD-RW (CD-DA тректері мен MP3 файлдарының дыбыстық деректері)

> Деректер сақталмаған CD-R/CD-RW дискісін пайдаланбаңыз. Олай істеу дискіні зақымдауы мүмкін.

Жүйе ойнатпайтын дискілер

- CD-ROM
- 8 см-лік дискілер
- ISO9660 1-деңгей/2-деңгей немесе Joliet кеңейтіміне сәйкес келетін музыка CD пішімінде немесе MP3 пішіміне жазылғаннан басқа CD-R/CD-RW дискілері
- CD-R/CD-RW көп сеанс пішімінде жазылған және сеансты жаппаған
- Жазу сапасы нашар CD-R/CD-RW дискісі, сызаттары немесе кірі бар CD-R/CD-RW дискісі, сызаттары немесе кірі бар CD-R/CD-RW дискісі немесе үйлесімді емес құрылғысымен жазылған CD-R/CD-RW дискісі
- Дұрыс аяқталмаған CD-R/CD-RW дискілері
- MPEG 1 Audio Layer-3 (MP3) файлдарынан басқа файлдары бар дискілер
- Стандартты емес пішіндегі дискілер (мысалы, жүрек, шаршы, жұлдыз)
- Таспа, қағаз немесе жапсырма жапсырылған дискілер
- Желімі қабаттан шығып тұрған жапсырылған қабаттары бар жалға алынған немесе пайдаланылған дискілер
- Ұстаған кезде жабысқақ сиямен басып шығарылған сырты бар дискілер

CD-DA дискілері бойынша ескертулер

- Ойнатпас бұрын дискіні ортасынан шетіне қарай тазалағыш шүберекпен сүртіңіз.
- Дискілерді бензинмен, еріткішпен, дүкенде сатылатын тазалағыштармен немесе винил пластинкаларға арналған спреймен тазартпаңыз.
- Дискілерді тікелей күн көзіне немесе ыстық ауа құбыры сияқты ыстықтың көзіне шығармаңыз, күннің астына қойылған көліктің ішінде қалдырмаңыз.

Қауіпсіздікке қатысты

- Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, қуат сымын қабырға розеткасынан суырып қойыңыз. Жүйені ажыратқан кезде, әрқашан ашадан ұстаңыз. Ешқашан сымның өзін тартпаңыз.
- Жүйенің ішіне қатты зат немесе сұйықтық кіріп кетсе, жүйені қуат көзінен ажыратып, оны қайта қоспас бұрын маманға тексертіңіз.
- Айнымалы ток қуат сымын тек маманданған қызмет көрсету орны ауыстыру керек.

Орынға қатысты

- Жүйені еңкейтіп немесе өте ыстық, суық, кір немесе дұрыс желдетілмейтін және дірілдейтін жерге, тікелей күн көзіне немесе қатты жарық көзіне қоймаңыз.
- Жүені арнайы тегістелген бетке (мысалы, балауызбен, маймен, жылтыратылған)қойған кезде абайлаңыз, бетке дақ немесе оның түсі зақымдалуы мүмкін.
- Егер жүйе суық жерден ыстық жерге апарылса немесе өте ылғал бөлмеге қойылса, CD ойнатқыштың ішіндегі линзада конденсат пайда болып жүйенің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда дискіні алып ылғал булағанша жүйені бір сағаттай қосулы күйде қалдырыңыз.

Қызуға қатысты

- Құрылғының қызуы қалыпты жағдай және оған қауіп ретінде қарамаңыз.
- Құрылғының сыртын ұстамаңыз, себебі ол жоғары кернеуде жұмыс істейді және ыстық болады.
- Желдететін саңылауларды жаппаңыз.

Динамик жүйесіне қатысты

Динамик жүйесі магнитпен қорғалмаған, қасында тұрған теледидардың суреті магнит әсерінен бүлініп көрсетіледі. Бұл жағдайда теледидарды өшіріп, 15- 30 минут күтіңіз, кейін қайта қосыңыз.

Құрылғының сыртын тазалау

Жүйені тазалағыш сұйықтықпен кішкене ылғалданған жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Қатты бетті, тазалағыш ұнтақты немесе еріткіш, бензин немесе алкоголь сияқты сұйықтықты пайдаланбаңыз.

BLUETOOTH сымсыз технологиясы

BLUETOOTH сымсыз технологиясы жеке компьютерлер мен сандық тұрақты камералар сияқты сандық құрылғыларды байланыстыратын қысқа ауқымды сымсыз технология болып табылады. BLUETOOTH сымсыз технологиясын пайдаланып 10 метрлік ауқымда қамтылған құрылғыларды пайдалана аласыз.
BLUETOOTH сымсыз технологиясы екі құрылғы арасында кеңінен қолданылады, бірақ бір құрылғыны бірнеше құрылғыға қосуға болады.
USB қосылымы үшін орындағандай қосылу үшін сымды қажет етпейсіз және сымсыз инфрақызыл технология сияқты құрылғыларды бетпе-бет орналастыратын жердің қажеті жоқ. Бір BLUETOOTH құрылғысымен технологияны сөмекде немесе қалтада пайдалана аласыз.
BLUETOOTH сымсыз технологиясы — мыңдаған компаниялар тарапынан қолданылатын жаһандық стандарт. Бұл компаниялар жаһандық стандартқа сай келетін өнімдер шығарады.

Қолдау көрсетілетін BLUETOOTH нұсқасы мен профайлдары

Профайл түрлі BLUETOOTH өнімінің мүмкіндіктеріне арналған мүмкіндіктердің стандартты жиынына қатысты болады. Бұл жүйе келесі BLUETOOTH нұсқасы мен профайлдарын қолдайды.
Қолдау көрсетілетін BLUETOOTH нұсқасы:
— BLUETOOTH 3.0 стандартты нұсқасы
Қолдау көрсетілетін BLUETOOTH профайлдары:
— A2DP (Кеңейтілген дыбысты тарату профайлы)
— AVRCP (Дыбысты, бейнені қашықтан басқару профайлы)

Ескертулер
- Осы жүйеге қосылған BLUETOOTH құрылғысын пайдалану үшін құрылғы осы жүйе сияқты бірдей профайлды қолдауы тиіс. BLUETOOTH құрылғысының функциялары онда осы жүйе сияқты бірдей профайл болса да, құрылғының техникалық сипаттарына байланысты басқаша болуы мүмкін.
- BLUETOOTH сымсыз технологияның сипаттарына байланысты осы жүйеде ойнату тасымалдау құрылғысында дыбысты ойнатумен салыстырғанда аздап кідіреді.

Тиімді байланыс ауқымы

BLUETOOTH құрылғылары бір-бірінен шамамен 10 метр қашықтықта (кедергісіз қашықтық) пайдаланылуы керек. Тиімді байланыс ауқымы келесі жағдайларда қысқарақ болуы мүмкін.
— Адам, металл зат, қабырға немесе басқа кедергі BLUETOOTH қосылымы бар құрылғылар арасында болғанда.
— Сымсыз жергілікті желі орнатылған орындар.
— Қолданыстағы қысқа толқынды пештер айналасында.
— Басқа электромагниттік толқындар орын алатын орындар.

Басқа құрылғылардың әсерлері

BLUETOOTH құрылғылары мен сымсыз жергілікті желі (IEEE 802.11b/g) бірдей жиілік жолағын пайдаланады (2,4 ГГц). BLUETOOTH құрылғысын сымсыз жергілікті желі мүмкіндігі бар құрылғыға жақын пайдаланғанда, электромагниттік кедергі орын алуы мүмкін.
Бұл төмен деректер тасымалдау жиілігін, шуды немесе қосылу қатесін тудыруы мүмкін. Бұл орын алса, келесі шешімдерді пайдаланып көріңіз:
— Жергілікті желі бар жабдықтан кемінде 10 метр алыс боған кезде жүйені және BLUETOOTH ұялы телефонын немесе BLUETOOTH құрылғысын қосып көріңіз.
— BLUETOOTH құрылғысын 10 метрде пайдаланған кезде, сымсыз жергілікті желі жабдығының қуатын өшіріңіз.

Басқа құрылғылардағы әсерлер

Осы жүйе тарататын радио толқында кейбір медициналық құрылғылардың жұмысына кедергі келтіруі мүмкін. Осы кедергі бұзылуды тудыратындықтан, осы жүйедегі, BLUETOOTH ұялы телефонындағы және BLUETOOTH құрылғысындағы қуатты келесі орындарда өшіріңіз:
— Ауруханаларда, ұшақтарда, газ станцияларында және жалынды газдар болуы мүмкін орында.
— Автоматты есіктерге немесе өрт дабылдарына жақын жерлерде.

Ескертулер
- Бұл жүйе BLUETOOTH технологиясын пайдаланып байланысу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолы ретінде BLUETOOTH техникалық сипаттамасымен сәйкес келетін функцияларды қолдайды. Дегенмен, параметр мазмұндарына және басқа факторларға байланысты бұл қауіпсіздік жеткілікті болмауы мүмкін, сондықтан BLUETOOTH технологиясын пайдаланып байланысуды орындаған кезде абайлаңыз.
- Sony корпорациясы BLUETOOTH технологиясымен байланысу кезіндегі ақпараттың таралуынан туындаған зақымдарға немесе басқа жоғалуға ешқандай жағдайда жауапты болмайды.
- BLUETOOTH байланысына осы жүйемен бірдей профайлы бар барлық BLUETOOTH құрылғыларымен қажетті түрде кепілдік берілмейді.
- Осы жүйемен қосылған BLUETOOTH құрылғылары BLUETOOTH SIG, Inc. тарапынан берілген BLUETOOTH техникалық сипаттамасымен сай келуі және сай келуге куәландырылуы тиіс. Дегенмен, құрылғы BLUETOOTH техникалық сипаттамасымен сай келген кезде де, BLUETOOTH құрылғысының техникалық деректері немесе техникалық сипаттамалары қосылуды мүмкін етпейтін жағдайлар болуы мүмкін және басқаша басқару әдістерін, дисплейді немесе жұмысты тудыруы ықтимал.
- Осы жүйемен қосылған BLUETOOTH құрылғысына, байланыстар ортасына немесе қоршаған жағдайларға байланысты шу туындауы немесе дыбыс үзілуі мүмкін.

Сипаттамалары

Күшейткіш бөлімі
Қуат шығысы (қалыпты): 16 ватт + 16 ватт (1 кГц 8 Ом, 1% THD)
Үздіксіз RMS қуат шығысы (қатысты): 20 ватт + 20 ватт (1 кГц 8 Ом, 10% THD)

Кіріс/Шығыстар
AUDIO IN (stereo mini jack) ұяшығы: Сезімталдығы 700 мВ, кедергісі 47 килоом
USB:
Қолдау көрсетілетін деректер тасымалдау жылдамдығы:
MP3 (MPEG 1 Дыбыс қабаты-3): 32 кбит/с – 320 кбит/с, VBR
WMA: 48 кбит/с – 192 кбит/с, VBR
AAC: 48 кбит/с-320 кбит/с
Үлгі жиіліктер: MP3 (MPEG 1 Дыбыс қабаты-3): 32/44,1/48 кГц
WMA: 44,1 кГц
AAC: 44,1 кГц
USB порты: A түрі, 5 V DC 2.1 A

CD-DA/MP3 ойнатқыш бөлімі
Жүйе: Ықшам диск және сандық аудио жүйесі
Лазерлі диод сипаттары
Шығару ұзақтығы: Үздіксіз
Лазер шығысы*: 44,6 µВ мәнінен аз
* Бұл шығыс 7 мм апертуралық оптикалық жетектегі объектив линзасының 200 мм қашықтықтағы мән өлшемі.
Жиілік сипаты: 20 Гц – 20 кГц
Сигнал- шуыл қатынасы: 90 дБ-ден көп
Динамиканың диапазоны: 90 дБ-ден көп

Тюнер бөлімі
AM тюнер бөлімі (тек CMT-BT60):
Реттеу диапазоны:
Еуропалық үлгілер:
531 кГц – 1 602 кГц (9 кГц реттеу аралығымен)
Азиялық үлгілер:
531 кГц – 1 602 кГц (9 кГц реттеу аралығымен)
530 кГц – 1 610 кГц (10 кГц реттеу аралығымен)
Басқа үлгілер:
531 кГц – 1 710 кГц (9 кГц реттеу аралығымен)
530 кГц – 1 710 кГц (10 кГц реттеу аралығымен)
Антенна: AM жинақ антеннасы
Орташа жиілік: 400 кГц
FM тюнер бөлімі:
FM стерео, FM супергетеродинді тюнер
Антенна: FM антеннасы
Реттеу диапазоны: 87,5 МГц – 108,0 МГц (қадамы 50 кГц)
DAB/DAB+ тюнер бөлімі (тек CMT-BT60B):
FM стерео, DAB/FM супергетеродинді тюнер
Жиілік ауқымы*
Жолақ-III: 174,928 (5A) МГц – 239,200 (13F) МГц
* Мәліметтерді төмендегі «DAB/DAB+ жиілік кестесі» ішінен қараңыз.
Антенна: DAB/FM сымды антеннасы
DAB/DAB+ қызметтері тек DAB/DAB+ қызметтерін қолдайтын елдерде/аймақтарда қол жетімді.

DAB/DAB+ жиілік кестесі (Жолақ-III)

Жиілік	Белгі	Жиілік	Белгі
174,928 МГц	5A	209,936 МГц	10A
176,640 МГц	5B	211,648 МГц	10B
178,352 МГц	5C	213,360 МГц	10C
180,064 МГц	5D	215,072 МГц	10D
181,936 МГц	6A	216,928 МГц	11A
183,648 МГц	6B	218,640 МГц	11B
185,360 МГц	6C	220,352 МГц	11C
187,072 МГц	6D	222,064 МГц	11D
188,928 МГц	7A	223,936 МГц	12A
190,640 МГц	7B	225,648 МГц	12B
192,352 МГц	7C	227,360 МГц	12C
194,064 МГц	7D	229,072 МГц	12D
195,936 МГц	8A	230,784 МГц	13A
197,648 МГц	8B	232,496 МГц	13B
199,360 МГц	8C	234,208 МГц	13C
201,072 МГц	8D	235,776 МГц	13D
202,928 МГц	9A	237,488 МГц	13E
204,640 МГц	9B	239,200 МГц	13F
206,352 МГц	9C		
208,064 МГц	9D		

* Жиіліктер жүйеде екі ондық орынға көрсетіледі.

BLUETOOTH бөлімі
Байланыс жүйесі:
BLUETOOTH 3.0 стандартты нұсқасы
Шығыс:
BLUETOOTH 2-ші стандартты қуат сыныбы
Ең жоғарғы байланыс ауқымы:
Бақылау сызығы шамамен 10 м*1
Жиілік жолағы:
2,4 ГГц жолағы (2,4000 ГГц – 2,4835 ГГц)
Модульдеу әдісі:
FHSS
Үйлесімді BLUETOOTH профайлдары*2:
A2DP (Кеңейтілген дыбысты тарату профайлы)
AVRCP (Дыбысты, бейнені қашықтан басқару профайлы)
Қолдау көрсетілетін кодек:
SCMS-T
Тасымалдауды өткізу жолағы:
20 Гц – 20 000 Гц (44,1 кГц үлгісі бар)

*1 Нақты ауқым құрылғылар арасындағы кедергілер, қысқа толқынды пеш айналасындағы магниттік өрістер, тұрақты электр қуаты, қабылдау сезімталдығы, антеннаның жұмысы, амалдық жүйе, бағдарламалық құрал қолданысы, т.б. сияқты факторларға байланысты өзгеруі мүмкін.
*2 BLUETOOTH стандартты профайлдары құрылғылар арасындағы BLUETOOTH байланысының мақсатын көрсетеді.

Динамик бөлімі
Толық ауқымды динамик
Енжар радиатор
Қалыпты кедергі: 8 Ом

Жалпы
Қуат көзіне қатысты талаптар:
Латын Америкалық үлгі:
AC 120 В – 240 В, 50 Гц/60 Гц
Басқа үлгілер:
AC 220 В – 240 В, 50 Гц/60 Гц
Қуатты тұтыну: 29 ватт
Өлшемдері (Е/Б/К):
Шамамен 481 мм × 202 мм × 86 мм (жобалау бөліктерін қоса)
Салмағы: Шамамен 3,0 кг

Берілген керек-жарақтар: Қашықтан басқару құралы (RM-AMU171) (1), R6 (AA өлшемді) батареялар (2), қуат сымы (1), FM/AM антеннасы (1) (тек CMT-BT60), DAB/FM сымды антеннасы (1) (тек CMT-BT60B)

Дизайн мен сипаттамалар ескертусіз өзгертіледі.

> Күту режимінде қуатты тұтыну: 0,5 Вт